Аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі жоспардан тыс комиссия отырысының
№9 ХАТТАМАСЫ

Миялы ауылы 2025 жылғы 30 желтоқсан

Комиссия төрағасы: аудан әкімі, комиссия төрағасы Қ.Әзмұханов.
Қатысушылар: Комиссия мүшелері.

Күн тәртібі:
Қызылқоға ауданы бойынша тасқын судан қорғау мақсатында, бөгеттерді көтеру жұмыстарын жүргізу туралы.

Е.Иғали (Аудан әкімінің орынбасары): 2023-2024 жылдары көктемде Ойыл, Сағыз, Ноғайты өзенінің деңгейі шамадан тыс көтеріліп, аталған өзендердің жылдар бойы арнасы тазаланбаған күйі жатуы, елді мекендер аумағындағы бөгеттердің болмауы және осал болуы салдарынан, Қызылқоға ауданының 9 ауылдық округтерін су басу қауіпі төніп, аудан аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланғандығы мәлім.

2026 жылы көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында, 9 ауылдық округінің теңгеріміндегі *(Сағыз, Миялы, Тайсойған, Жангелдин, Жасқайрат, Қоныстану, Тасшағыл, Қаракөл, Қарабау)* бөгеттерді көтеру жұмыстарын жүргізу, бүгінгі күні өзекті болып отыр.

Бөгеттерді көтеру мен нығайту жұмыстарын жүргізу үшін, желтоқсан айында облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына облыстық бюджеттен **291 598,8 мың теңге** қаржы бөлуге, бюджеттік өтінім жолданды. Қазіргі таңда бөгеттерді қаржыландыру мәселесі шешілуде.

Н.Абдираш (Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы): Көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында, су тасқыны қауіпі бар ауылдық округтерде бөгеттерді топырақпен нығайту жұмыстары жүргізілді. Алайда, су тасқынынан кейін, салынған бөгеттердің әр жерінен автокөлік және мал өткелдері үшін бөгеттер алынған. Сонымен қатар, жаңбыр мен желдің салдарынан, бөгеттер желініп, жұқарған.

Сондықтан, су тасқынын апатсыз өткізу және аудан халқы мен аумағын 2026 жылғы су тасқыны кезеңіндегі төтенше жағдайлардан қорғау мақсатында, 9 ауылдық округтегі *(Сағыз, Миялы, Тайсойған, Жангелдин, Жасқайрат, Қоныстану, Тасшағыл, Қаракөл, Қарабау)* бөгеттерді көтеру жұмыстарын бастау керек.

Сонымен қатар, Ойыл, Сағыз, Ноғайты өзендерінің арнасын тазарту, жағасын бекіту және нығайту жұмыстарын шұғыл жүргізу қажет етеді. Себебі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің лауазымды тұлғалары, Қызылқоға ауданының 2026 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындығын бақылау жұмыстарының қорытындысына сәйкес, 2026 жылғы су тасқыны кезеңінде су басуға жол бермеу үшін қажетті

шаралар (*жаға бекіту, бөгеттер соғу, түп тереңдету*) қабылдауды тапсырды.

М.Ташимов (Аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы): Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою бойынша ведомствоаралық мемлекеттік комиссия төрағасының орынбасары - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министрі Р. Камаловтың 2025 жылғы 30 сәуірдегі хаттамасы, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесшісі Б.Сапиевтың 2025 жылғы 11 желтоқсандағы хаттамасы, 2025 жылғы 15 желтоқсанда Атырау облысы әкімінің орынбасары Қ.Т. Нұртаевтың төрағалығымен өткен облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою комиссиясының №6 хаттамасын және 2025 жылғы 29 желтоқсандағы Атырау облысының әкімі С. Шәпкеновтың Атырау облысы аумағында 2026 жылғы су тасқынына дайындық, қауіпсіз өткізу және ықтимал шығындарды азайту бойынша іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру үшін және су тасқыны кезеңінде аудан халқы мен аумағын қорғау мақсатында, уақыттың тығыздығына байланысты дереу «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының, *«Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздері»* мемлекеттік сатып алудың тәсілі 16-бабының 3-тармағының 3, 28-тармақшасы негізінде, 9 ауылдық округінің теңгеріміндегі *(Сағыз, Миялы, Тайсойған, Жангелдин, Жасқайрат, Қоныстану, Тасшағыл, Қаракөл, Қарабау)* бөгеттерді көтеру жұмыстарына мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақтауға ұсыныс беремін.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша комиссия
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ауылдық округі әкімдеріне *(Сағыз, Миялы, Тайсойған, Жангелдин, Жасқайрат, Қоныстану, Тасшағыл, Қаракөл, Қарабау)*:

1) Ауылдық округ теңгеріміндегі бөгеттерді нығайту және көтеру жұмыстарын жүргізсін.

2) Бөгеттерді биіктету бойынша, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының, *«Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздері»* мемлекеттік сатып алудың тәсілі 16-бабының 3-тармағының 3, 28-тармақшасына сәйкес, 2026 жылдың 15 қаңтарына дейін шарт жасау мәселесі қарастырылсын.

Осы хаттаманың орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Иғалиға жүктелсін.

Төрағалық еткен **Қ.Әзмұханов**

Комиссия хатшысы **Д.Әділхан**